

ХІІ-ХІІІ ҒАСЫРДАҒЫ ГРУЗИЯ ПАТШАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Есенжолов Д. С

Ғылыми жетекшісі:

Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы Жылқыбаев К.Д.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Электрондық адресі: darin.esenjolov777@gmail.com

Астана қ.

Қыпшақтар, ортағасырлық Еуразиялық дала шекарасындағы ең маңызды әскери-саяси күшке айналады. Көптеген билеушілер Евразиядан көшпелі тайпаларға жүгініп, елдің және басшының саяси мінез-құлқына айтарлықтай әсер етті. Бірқатар ішкі қақтығыстарда артықшылыққа ие болу үшін қыпшақ тайпаларына жүгінсе, ал басқалары оларды сыртқы саяси мақсаттарға жету үшін пайдаланды. Тақырып өзектілі бойынша Грузиядағы қыпшақтар туралы мәселе отандық тарихнамада аса қатты қаралмады. Сондықтан осы мақсатта Грузия патшасы Давид пен патшайым Тамараға дейінгі кезеңдегі грузин-қыпшақ қарым-қатынасын қаралады. Тақырыптың мақсаты ол Грузия патшалығының қыпшақтармен бастаған қарым-қатынасы, грузия тарихнамасында қыпшақтар жөнінде қалған деректерді саралау мен олардың жергілікті халықпен ассимиляцияға ұшырауы болып табылады.

ХІІ ғасырдың басында Донецк даласынан қыпшақтар Кавказ жерінің солтүстік бөлігіне, содан кейін Грузияға қоныс аударды. Грузия патшасы ІV Давид Строитель Селжұқ түріктеріне қарсы соғыс жүргізіп, тұрақты әскерге мұқтаж болған белгілі [1]. Грузиндер қыпшақтардың әдет-ғұрыптары мен өмір салтын жақсы білетін, олармен тату көршілік қарым-қатынаста болғандықтан. Грузияға қыпшақтарды шақыруға шешім қабылдайды [2.806]. "Картлис Цховреба" грузин шежіресінің авторлары алдымен, қыпшақ тайпаларына елшілер жіберілгенін жазды. Содан кейін Давид өзінің бас кеңесшісі Георгием Чкондиделимен бірге алан еліне барды. Көшпенділер Грузияға қоныс аударуға келісім берген соң, тау өткелдерін бақылайтын аландардан да келісім алу қажет болды [1]. Шынында да, Селжұқ сұлтандығымен соғыстан қираған Грузия патшалығы көптеген жауынгерлерінен айырылып қалған болатын. Сонымен қатар, ішкі саяси жағдайда тұрақсыз әрі, патша мен саяси элита арасындағы келіспеушіліктер күшейе түсті [3]. Мұндай жағдайда қолда бар ресурстардың жетіспеушілігін көптеген қыпшақ ордасының көмегімен жапқандай болды. Қыпшақтардың келгенін баяндайтын "Жизнеописание" жазбаларында, Давид патша қыпшақтарды шақырудан басқа амал жоқ еді, өйткені ол олардың саны жағынан көптігін, шайқастардағы батылдықты, жорықтардағы жылдамдықты, шабуылға деген қаһарлығы, жеңіл басқаруды және барлық жағынан оның еркіне бағынуға дайын екенін жақсы білді; сонымен қатар, оларды жақындығы үшін де, кедейлігі үшін де шақыру оңай болды [4.1896]. Грузин тарихшысы М.Д.Лордкипанидзе қыпшақ жауынгерлерін ұстау арзан болды, өйткені олар жер мен жайылым ғана қажет етті деді [5]. Сонымен қатар көптеген жылдар бұрын ол өзінің ізгілігімен танымал Атрак (Отрак немесе Артык) қыпшақ көсемінің қызы, Гурандухт оның заңды әйелі және бүкіл Грузияның патшайымы болды [4.1896]. Гурандухт ІV Давидтің екінші әйелі деп көрсетіледі. Себебі зерттеушілер оған армян тектес бірінші әйелімен ажырасып, оны Иерусалимдегі монастырға жіберген, шамамен бірінші әйеліне 1106 жылы үйленді деп болжайды [3]. Сондықтан, сенімді адамдарды жібергеннен кейін ол қыпшақ пен қайын атасын шақырған сияқты.

Грузияға 1118-1120 жылдары шамамен 1/4 миллион қыпшақ келгенмен бірге, Давид Строительдің тарихшысы Грузияға қоныс аударған қыпшақтар Давид Строительдің жеке гвардиясын құрғап, 40 мың жауынгер мен 5 мың таңдаулы жауынгерді «монаспа» деп атағанын хабарлайды [6.1196]. Давид құрылысшы оларды жалпы белгілері бойынша бөлді

(әріптер.: "ру бойынша" - "гуарад-гуарад") және оларға әскери басшылар мен билеушілерді қойды. Көріп отырғаныңыздай, Давид Строитель Грузиядағы қыпшақтарды қоныстандырған кезде, олардың ішкі құрылымын өзгеріссіз қалдырды, оған сәйкес әрбір рулық бірлік белгілі бір әскери бірлікке сәйкес келді [6.1226]. Бұл бөлімшелердің басында қыпшақ билеушілері отырған. Қыпшақтар Шығыс Грузияға қоныстандырылды, өйткені Грузия патшалығына ең нақты және күшті қауіп шығыс шекаралардан төніп тұрған еді. Әсіресе Селжұқтар, Әзірбайжандың Ильденизид сұлтандығынан қауіп болғандықтан жерлерді қыпшақ жауңгерлері барлап жүрді[5]. Қыпшақтардың шаруашылық құрылысына келетін болсақ, дереккөздердің белгілі бір көрсеткіштері оларда жартылай көшпелі мал шаруашылығының болуын растауға мүмкіндік береді. Грузияда қоныстанған қыпшақтар қысқы кезеңдерді Картли жазығында өткізгендіктен, онда олар үшін Давид Строитель бұйрығымен қоныстану үшін арнайы орындар бөлініп, жаз мезгілінде таулы жерлерге бет алып отырған. Грузин дереккөздері қыпшақ елді мекендерін екі санатқа бөледі: "сазамтро" ("қысқы орын") және "сазафуло" ("жазғы орын"). Бұл терминдер "қышлақ" және "айлақ" түркі сөздеріне сәйкес келеді. Давид Строительдің тарихшысы: Давид қыпшақтарға "қысқы тұрақтар" ("Сазамтрод Садтури") бергенін, оларды тамақпен қамтамасыз етуді бұйырғанын және оларды старшина ("земдгомни матни") басқарғанын хабарлайды [6.1216]. Давид патша олардың отырықшылыққа көшкенін қолдады[2.806]. Кейінірек бір автор (XIV ғасырдың басы) грузин патшасы Давид Строитель келесі фактіні көрсетеді: Давид патша Тбилисиде "жазғы орындарға" бара жатқан қыпшақтарды қарсы алды дейді [6.1216].

Діни тұрғыдан қарағанда Грузия патшалығы қыпшақтар дініне аса қатты қарамаған секілді. Өйткені Сол кездегі грузин авторларының бірі Леонтия Мровели қыпшақтар мен олардың көршілері бун-түріктердің (болгарлар) діни сенімдеріне нақты нұсқау беріп отырған[6.1236]. Ол христиан жазушысы болғандықтан, қыпшақтарды ең танымал пұтқа табынушылар дегенмен, Картлис цховреба жазбаларында Давид тандаған 5 мың сарбаз христиан дінін қабылдады және олар сенімге лайықты деп атап өтеді. Сонымен қоса, көптеген қыпшақтар күн санап христиан дінін қабылдауда деп атап өтеді. Екі халықтар арасындағы діни айырмашылықты алға тартпай, қыпшақтарды болашақта христиан болады деп жазып өтеді[4.1906]. Бұндай процесс Хорезмшах елінде де болған. Хорезмшах басшысы Текеш өзіне әйелдікке қыпшақтан шыққан Терген-хатунды алады және оның қол астында болған болған қыпшақтар ислам діннің қабылдайды. Бірақ бұндай процесс кең ауқымда алмады[7].

Давид патша 1096 жылы Селжұқ сұлтанына алым-салық төлеуді тоқтатып, сол арқылы Грузия мемлекеті бұрыннан қалыптасқан соғыс қимылдарының басталуына себепкер болды [2.776]. Давид Строитель, ол осы кезеңде Селжұқ түріктерімен Грузия мен Закавказьеден түпкілікті қуып шығу үшін шешуші шайқастарға дайындалды. Грузин шешімдері қыпшақтардың әскери батылдылығы туралы бірнеше рет қуанышпен айтады. Олар сондай-ақ қыпшақтардың әскери ұйымының кейбір ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, қыпшақ әскері үш бөлімге бөлінді: алдыңғы қатарлы отрядтар, негізгі бөлім және арьергард. Әдетте жекпе-жекте арнайы атаумен алдыңғы қатарлы отрядтар бастады. Шамхор шайқасы туралы (1195 ж.) баяндайтын "Истории и восхваления венценосцев" авторы: "қақтығыстар мен шайқастар басталды, бірақ бүкіл әскер ғана емес, қыпшақ тілінде "чалаш" және "даснчтда" деп аталатын алдыңғы қатарлы бөлімдер ғана [6.1226]. 1097 жылы кресшілер Кіші Азия мен Сириядағы Селжұқ түріктерін сәтті басып алып, 1099 жылы Палестина Мен Иерусалимді басып алды. Кресшілердің жетістіктеріне қуанған Византия селжұқтарға қарсы тиімді шаралар қабылдауда. Осылайша, сыртқы саяси оқиғалар Грузияның пайдасына шешіліп жатыр, енді ол Селжұқ басқыншыларына қарсы күресте жалғыз болған жоқ делінеді [2.78 б].

1121 жылғы 12 тамыз күні бүкіл Грузия мен бүкіл Кавказ үшін тарихи маңызы бар. Дәл осы күні Дидгор өрісінде IV Давид армиясы мен Селжұқ әскері арасында шешуші шайқас болып, селдұқтар қатты жеңіліске ұшырады. Селдұқтар сан жоғынан жоғары армиясына қарсы шайқас Дидгори маңында өтті, бірақ сандық артықшылықты пайдалана алмаған. Үлкен Селжұқ әскерінің аз ғана бөлігі жойылып кетуден құтылады. Давид шайқасқа 40 мыңға жуық грузин, 15 мың қыпшақ, 500 Алан (осетин) және бірнеше ондаған франк шығарды. Жақсы

позицияларға ие болып, жауларын тар аңғарлар мен тығыз ормандарда күресуге мәжбүр ете отырып, Давид олардың сандық артықшылығын жеңе алды [4.2096].

Гуревич өз мақаласында “Идеальный правитель, взаимодействующий с половцами: интерференция образов (на материале грузинских и древнерусских летописей)” орта ғасырлық грузин тарихшылары қыпшақтарды жақтастары ретінде парадигмада көрсетеді. Осы парадигманы ұстау үшін оларды Давидті тұлғалық жағынан абсолютті мықты және дана басшы, ол барлық жағымды жақтың жиынтығы бар деп көрсетеді. Қыпшақтар болса, Давид патшаның қол астында жүріп, оның жеңістеріне атсалысқан[3]. Автор мысал ретінде Картлис цховреба кітабының 191 бетіндегі сөздерді келтіреді: “Содан кейін патша оларды барлау арқылы іздеп, қатты ағысты, терен Мтквариді қыпшақтарымен бірге жүзіп өтіп, түріктерді жеңіп, Бардавты қиратты” [4.1916]. Осылайша грузин жазбаларында дара басшы Давид патшаның жеңістеріне атсалысқан қыпшақтар грузиндардың жақтастары ретінде қаралды. Егер грузия жазбаларында қыпшақтарды жаман жағымен жазылса, ол Давид патшаны қаралау болып саналушы еді[3]. Бірақ қалай болмасын Давид патша өлімінен кейін Картлис цховреба ішіне кіретін Жизнеописания жазбаларында анонимді тарихшы қыпшақ пен Давид патша арасында қақтығыстардың да болғанын айта кетеді: “Оның қыпшақтары қанша рет опасыздық жасауды жоспарлады: олар оған ержүрек адамдарды, кейбіреулері қылыштармен, басқалары найзалармен, үшіншілері жебелермен жіберді. Бұл бір емес, екі емес, үш емес, бірнеше рет қайталанды [4.2026].” Бірақ автор осыны қыпшақтар мен Давид арасында қарым-қатынас ретінде көрсетіп, қоғам мен тұлға арасындағы қатынас ретінде қарастырылады. Бұл жазбаларда қақтығыстың көп бөлігі бізді қызықтыратын эпизодтың Давид патша қайтыс болғаннан кейін жазылғанын, әңгіменің мәні қоршаған айналадағы барлық кеңістікті басқаратын әскери көшбасшы ретінде сипаттаудан, Давидті ең қолайсыз жағдайларда зұлымдықтан қорғайтын Құдайдың қамқорлығы мен мейірімділігінің құралы ретінде сипаттауға ауысқанын түсіндіреді. Бірақ қалай да болсын, жазбалардың басқа беттерінде қыпшақтар қайтадан жағымды жағы қарастырылған. Ол Тамар немесе Тамара патшайым билеген жылдары болған. Тамара патшайым, 1185 жылы Юрий Андреевич Боголюбскийге үйленеді, оның әжесі қыпшақ болып, біраз уақыта дейін қыпшақ даласында туыстарында болған. Багратиондар үшін Тамара, қыпшақтармен тікелей байланыс орнатудан гөрі орыс княздіктерімен байланысты нығайту маңызды болды. Грузин шежіресі Юрий туралы “Ресейдің ұлы князі Андрейдің ұлы” ретінде баяндайды. Бірақ осы екі жұп арасында тайталас пен қақтығыстан князь Юрий бастаған көтерілісе ұласады[3]. Картлис цховреба хроникаларда Юрийдің жаман мінезін қыпшақтармен санамай, оны скифтік мінез деп баяндайды. “Орыс скифтердің әдет-ғұрпын анықтай бастады: жиіркенішті маскүнемдікпен ол менің әңгімем ұзаққа созылмауы үшін жазудың қажеті жоқ көптеген әдепсіз істер жасай бастады”- деп грузин хронистері Юрийді жаза бастайды[4.3066]. Грузин хронисі Византия тарихшылары секілді оны(Юрий) болгарларға, орыстарға, печенегтерге немесе басқа көшпенділерге қатысты ұжымдық мағынада жиі қолданатын “скиф” терминін қолданады. Жоғарыда айтылғандай, Юрийдің қыпшақтан шығу тегі грузин шежірешісі тарапынан талқыланбайды немесе сынға алынбайды. Сонымен қатар, Тамара патшайымның осы көтерілісті басуға қыпшақ тұқымынан шыққан қолбасшылар көмектескен. Осылай қыпшақтар жазбаларда грузин тарихшыларымен оң бағада қалады [3].

Бірақ Давид патша өлімінен кейін де, қыпшақтардың бұл территорияны қоныстану процесі жүріп жатты. XIII ғасырдың бірінші жартысындағы анонимді шежіреші Георгий III (1156— 1184) кезінде Грузияға тағы бірнеше ондаған мың осетиндер мен қыпшақтар қоныс аударғанын хабарлайды. Грузия патшайымы Тамараның билігі кезінде (1184— 1213) Грузияда “Жаңа қыпшақтар” термині пайда болып, Тамара патшайым билеуіне сипаттама берген анонимді автор еңбектерінде кездестіреміз. Тбилисидегі ширвандық Ахсартан билеушісінің кездесуін сипаттай отырып, тарихшы былай деп жазады: “алдымен олар Тбилиси қаласынан шыққан кезде осетиндер мен жаңа қыпшақтарды қарсы алды”. Бұл термин (“жаңа қыпшақтар”) ескі қыпшақтарға “қарағанда қыпшақтан Грузияға жаңа қоныс аударушыларды білдіреді, ал ерте Давид патша кезінде келген қыпшақтарды “накипчакара”, яғни “бұрынғы

қыпшақтар" деп атаған[6.1196]. Сонымен қатар, ерте келген қыпшақтарынан ажырату үшін оларға да басқа атаулар қойған. Мысалға 1123ж сәуірде Давидтің Дағыстанға жорығы кезінде ол лактар мен дербент қыпшақтарын жеңді деген жазбалар бар[6.1186]. Алайда, қыпшақтардың Грузияға өз еркімен қоныс аударуы, оның аумағы, таза мал шаруашылығын жүргізу үшін жағдайдан айырылып, олардың белгілі бір бөлігі отырықшы өмірге жат емес деген болжам жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан, кейіннен грузиндермен этникалық тұрғыдан ассимиляцияланып, олар көп ұзамай олардан ауылшаруашылық өмірінің жергілікті түрлерін қабылдады [6.1216].

Ассимиляция ұшырау кезінде халықта қалай да, болмасын өзінің ата тегінен қалған ерекшеліктері қалуы керек еді. Сол ерекшеліктері тұрғысында “О происхождение Балкарцев и Карачаевцев” кітабының 120 бетінде автор осы сұрақты алға тартып, қыпшақтардың монғолоидтық, әлде еуроидтық бет әлпеті болды ма деген мәселе көтеріледі. Автор грузин жылнамаларына сүйеніп, жанама түрде жазылған деректерінде қарай, қыпшақтардың еуроидтық бет әлпет басымрақ болғанын алға тартады. Сонымен қатар Давид Строительдің тарихшысы қыпшақтармен өзі таныс болып, қалдырған еңбектерінде олардың монғолоидтық бет әлпеті туралы ештеме хабарламағаның айтқан еді. Тағы бір грузин тарихшысы («Жантагмцуерели Хронограф») еңбегі XIVғасырда монғол билігі бірінші рет монғолдармен кездесуін айтып өтіп, онда моғолдардың бет әлпетін сипаттап өтеді. Дерек бойыншы көз алдымызда сипатталған монғолоид нәсілдің бет әлпеті келтіріледі. Содан кейін қыпшақтар туралы мәлімет қалдырып, онда монғолдармен ұқсастық туралы мәселе көтерілмейді. Соңында автор Шығыс Грузияда мекендеген бірнеше мың қыпшақтар ассимиляция кезінде ешқандай монғолоидтық белгілерді қалдырмағаны және қыпшақтар евроидты болған туралы қорытындығы келеді [6.120 б].

Қорыта келе ,қыпшақтар Грузия патшалығының орта ғасырда өмір сүруіне және гүлденуіне өз үлесін қосады. Грузия тарихнамасында осы Давид патшадан, Тамара патшайымға дейін билеген жылдар “Алтын ғасыр” деп аталынады. Монархтар қыпшақтардың әскери күшін нәтижесінде, елдің ішкі тұрақтылығын, сыртқы жаулардан сақтап қалды. Грузияда осы сыртқы және ішкі факторлар тұрақтылығы арқасында экономика, мәдениет дамиды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ю.В. Зеленский. Межэтнические контакты половцев с аланами и адыгами в эпоху раннего средневековья. Журнал: “Культурная жизнь Юга России” № 4 (51), 2013.. Режим обращения: <https://kjur.kgik1966.ru/content/cms/files/34915.pdf>. (Дата обращения 08.11.2022)
2. Н.А. Бердзенишвили, в. Д. Дондуа, м. К. Думбадзе, г. А. Меликишвили, ш. А. Месхиа История Грузии (с древнейших времен до 60-х годов XIX века). Учебное пособие. Тбилиси - 1962 г., 253 с.
3. К.И. Гуревич. Идеальный правитель, взаимодействующий с половцами: интерференция образов (на материале грузинских и древнерусских летописей) . . № 3. 2021
4. Картлис Цховреба (История Грузии). Сочинения, входящие в летописный свод. Издательство АРТАНУДЖИ, 2008. - 456 с.
5. Рауф А.ГУСЕЙН-ЗАДЕ. КАВКАЗ И КИПЧАКИ. 14 июня 2013 года. [Электронный ресурс]. Режим обращения: <http://clio-caucasus.org/assets/files/%D0%93%D1%83%D1%81%D0%B5%D0%B9%D0%BD-%D0%97%D0%B0%D0%B4%D0%B5--%D0%9A%D0%B0%D0%B2%D0%BA%D0%B0%D0%B7-%D0%98-%D0%9A%D0%B8%D0%BF%D1%87%D0%B0%D0%BA.pdf>. (Дата обращения 08.11.2022)
6. О происхождение Балкарцев и Карачаевцев / Материалы научной сессии по происхождению балкарского и карачаевского народов. – 1959 г. – 333 с.
7. П.Б.Голден. РЕЛИГИЯ КЫПЧАКОВ СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЕВРАЗИИ. Режим обращения: <http://dspace.nbu.gov.ua/bitstream/handle/123456789/40729/13-Golden.pdf?Sequence=1> (Дата обращения 08.11.2022)